

БЕКІТІЛДІ
«Nomad Life» ӨСК» АҚ
Директорлар Кеңесінің шешімімен
29.09.2020 ж. өзгерістер мен толықтырулармен
2020 жылғы 12 маусымдағы №120620/1 хаттама

Сақтанушының «Zoloto Nomadov Invest» инвестицияларға қатысуымен
жинақтаушы сақтандыру қағидалары

Пр-ДПиРР- 11

Алматы – 2020 жыл

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Nomad Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Сақтанушының «Zoloto Nomadov Invest» инвестицияларға қатысуымен өмірді жинақтаушы сақтандыру қағидалары (бұдан былай – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

2. Қағидалар сақтанушының инвестицияларға қатысуымен өмірді жинақтаушы сақтандыруды жүзеге асыру тәртібін және шарттарын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жеке тұлғалармен, оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсын және (немесе) басқа ұйымдардың интернет-ресурстарын пайдалана отырып, сақтандыру шартын жасасу тәртібін анықтайды.

3. Сақтанушының активтерін инвестициялауға байланысты инвестициялық тәуекелдерді Сақтанушы көтереді.

4. Сақтандыру шарттарын жасасу кезінде Сақтандырушы Сақтанушылардың активтерін инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензия негізінде дербес басқарады және оның инвестициялық сақтандыру шотына Сақтанушының өтінішінде көрсетілген инвестициялық портфельдің шартты бірліктерінің баламалы санын есептейді.

1-БАП. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. **Сақтандырушы** – «Nomad Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы.

2. **Сақтанушы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан жеке тұлға (18 жасқа толған).

3. **Сақтандырылушы** – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға. Қағидалар шеңберінде Сақтанушы Сақтандырылушы болып табылады. Сақтандыру арқылы қорғаудың әрекет ету мерзімі өткенде Сақтандырылушының жасы 70 жастан аспауы тиіс.

4. **Пайда алушы** – сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемінің алушысы болып табылатын тұлға.

5. **Сақтандыру нысаны** – Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру шартында белгіленген белгілі бір мерзімге дейін өмір сүруіне, сондай-ақ оның өміріне зиян келтіруге байланысты мүліктік мүдделері.

6. **Сақтандыру полисі** – сақтандырудың негізгі талаптарын қамтитын және сақтандыру шарты болып табылатын жазбаша құжат.

Қағидалардың талаптарын жүзеге асыру мақсатында сақтандыру полисі келесілерге бөлінеді:

1) Түпнұсқалы сақтандыру полисі – сақтандыру шартын жасасу барысында, Сақтандырушымен Сақтанушыға ресімделетін полис;

2) Жаңартылған сақтандыру полисі – Қағидалармен қарастырылған жағдайларда бұрын берілген полистің орнына сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу барысында Сақтандырушымен Сақтанушыға ресімделетін полис.

7. **Сақтандыру полисінің телнұсқасы** – түпнұсқаға бірдей заңды күшке ие сақтандыру полисінің жоғалған түпнұсқаның орнына Сақтандырушымен Сақтанушыға ресімделетін сақтандыру полисі.

8. **Сақтанушының инвестицияларға қатысуымен сақтандыру шарты (бұдан әрі – сақтандыру шарты)** – Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалатын және Сақтанушының инвестицияларға қатысу шартын көздейтін сақтандыру шарты.

9. **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру оқиғасы басталған кездегі Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

10. **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтандырушымен сақтандыру шартымен анықталған мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттемесін қабылдағаны үшін Сақтандырушыға Сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы.

Қағидалардың шарттарын іске асыру мақсатында сақтандыру сыйлықақысы төмендегілерге бөлінеді:

1) **Сақтандыру сыйлықақысының тәуекелді бөлігі** – сақтандыру жағдайының басталу тәуекелін өтейтін сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігі, Сақтандырушының әкімшілік шығыстары.

2) **Сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігі** – инвестициялау мақсаттары үшін алынған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігі.

11. **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру шартында айқындалған тәртіпте және мерзімде Сақтандырушымен Пайда алушыға төленетін ақша сомасы.

Сақтандыру қағидаларының талаптарын іске асыру мақсатында сақтандыру төлемі төмендегілерге бөлінеді:

1) **тәуекелді бөлігінің сақтандыру төлемі** – сақтандыру сыйлықақысының тәуекелді бөлігі есебінен қалыптастырылған сақтандыру төлемі;

2) **жинақтаушы бөлігінің сақтандыру төлемі** – Сақтанушының активтері есебінен қалыптастырылған және Сақтанушының инвестициялық сақтандыру шотының сатып алу құнына тең сақтандыру төлемі;

12. **Төленуі тиіс сома** – сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушының алуға құқығы бар ақша сомасы.

Қағидалардың шарттарын іске асыру мақсатында төленуі тиіс сома төмендегілерге бөлінеді:

1) **сатып алу сомасы** – сақтандыру сыйлықақысының тәуекелді бөлігі есебінен қалыптастырылған сатып алу сомасы;

2) **Сақтанушының инвестициялық сақтандыру сомасының сатып алу құны** – Сақтанушының инвестициялық сақтандыру шотының барлық қосалқы шоттарындағы барлық шартты бірліктерді сату күніндегі оның инвестициялық сақтандыру шотындағы Сақтанушы активтерінің ағымдағы құны.

13. **Сақтандыру жағдайы** – оның басталуымен сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қарастыратын оқиға.

14. **Жазатайым оқиға** – адамның еркіне қарамастан басталған Сақтандырылушының организміне сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсер ету нәтижесінде денсаулыққа зиян келтіруге, мертіруге не өлімге әкеп соққан кенеттен, қысқа мерзімді оқиға (жағдай). Ережеге қатысты жазатайым оқиға деп Сақтандырылушының қайтыс болуына әкеп соқтырған үшінші тұлғалардың Сақтандырылушыға қатысты құқыққа қайшы іс-әрекеті де түсініледі. Жіті, созылмалы және тұқым қуалайтын аурулардың кез келген түрлері жазатайым оқиғаларға жатпайды (оның ішінде инфаркт, инсульт және тұқым қуалайтын патологиядан немесе аурудың дамуы нәтижесінде патологиядан туындаған ағзалардың өзге де кенеттен зақымдануы).

15. **Сақтандыру полисін беру (ресімдеу) күні** – сақтандыру шартын жасасу күні болып табылатын сақтандыру полисінде көрсетілген күн.

16. **Сақтандыру полисі әрекет етуін бастаған күн** – Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру қорғауы күшіне енетін сақтандыру полисін беру (ресімдеу) күнінен кейінгі күн.

17. **Сақтандыру мерзімі** – сақтандыру полисінің қолданылуы басталған күннен бастап ол аяқталған күнге дейінгі кезең.

18. **Сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзімі** – Сақтандырушының сақтандыру жауапкершілігі әрекет ететін уақыт ішіндегі кезең. Сақтандыру қорғанысының әрекет ету мерзімі сақтандыру мерзімімен сәйкес келеді.

19. **Инвестициялық декларация** – инвестициялау объектілерінің тізбесін, Сақтанушының активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсаттарын, стратегияларын, талаптары мен шектеулерін, инвестицияларға қатысатын шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Сақтанушының активтерін хеджирлеу және әртараптандыру талаптарын айқындайтын құжат.

20. **Инвестициялық портфель** – Сақтанушылардың активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарының алуан түрлерінің жиынтығы.

21. **Инвестициялық сақтандыру шоты** – Сақтанушының және оның активтерін сәйкестендіруді қамтамасыз ететін Сақтандырушының аналитикалық есепке алу жүйесіндегі Сақтанушының шоты.

22. **Инвестициялық тәуекел** – Сақтанушылардың активтерін инвестициялаумен байланысты тәуекел;

23. **Сақтанушының активтері** – сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) жинақтаушы бөлігі және оны инвестициялаудан алынған табыстар (шығындар) есебінен қалыптастырылатын активтер.

24. **Сақтанушының өтініші** – Сақтандырушының Сақтанушы атынан Қағидаларда көзделген, сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын іс-әрекеттерді жүзеге асыруына келісімі.

25. **Сақтанушының қосалқы шоты (бұдан әрі – қосалқы шот)** – Сақтандырушы Сақтанушы таңдаған әрбір инвестициялық портфельге ашатын және Сақтанушыға тиесілі тиісті инвестициялық портфельдің шартты бірліктерінің саны, сондай-ақ сақтандыру шартында көзделген мәліметтер көрсетілетін осы Сақтанушының инвестициялық сақтандыру шоты шеңберіндегі Сақтанушының шоты.

26. **Шартты бірлік** – инвестициялық портфель активтерін инвестициялық басқару нәтижесінде активтердің өзгеруін сипаттау үшін пайдаланылатын сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) жинақтаушы бөлігі есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфель активтерінің және сақтандыру шарттары бойынша оларды инвестициялаудан алынған табыстардың (шығындардың) үлесті шамасы.

27. **«USD / KZT TOD» бағамы** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі/Серіктес банк белгілеген және Қағидаларда айқындалған жағдайларда және тәртіппен қолданылатын АҚШ долларына қатысты теңгенің бағамы курс тенге по отношению к доллару США, установленный Национальным Банком Республики Казахстан/Банком-партнером и применяемый в случаях и порядке, определенных Правилами.

28. **Серіктес-банк** – Сақтандырушы сақтанушылардан сақтандыру өнімі бойынша төлемдерді қабылдау жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім және (немесе) тапсырма шартын жасасқан екінші деңгейдегі банк.

29. **Bid/Ask** – шартты бірлікті өткізу/кері сатып алу кезінде Сақтандырушы шартты бірліктің номиналды құнына қолданатын үстеме.

30. **Сақтанушының жеке кабинеті** – Сақтандырушының ақпараттық жүйесі арқылы Сақтандырушыға сақтандыру шарты бойынша ақпаратқа қол жеткізуге, Сақтандырушыға төмендегілер үшін қажетті электрондық нысандағы ақпаратты (өтінішті, хабарламаны және (немесе) өзге де құжаттарды, мәліметтерді) жасауға және жіберуге мүмкіндік беретін Сақтандырушының интернет-ресурсының арнайы бөлімі:

1) сақтандыру шарты бойынша талаптарды, мәліметтерді өзгерту, сақтандыру шартын қайта ресімдеу;

2) сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігіне иелік ету үшін өтініш беру;

- 3) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарлама;
- 4) Сақтандырылушының сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін алу;
- 5) өзге жағдайлар.

31. **59 қағидалары** – Сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу қағидалары мен ерекшеліктері, сондай-ақ сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу талаптарын көздейтін сақтандыру шартының мазмұнына қойылатын талаптар, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 25.05.2020 жылғы № 59 қаулысымен бекітілген Сақтандыру ұйымы болып табылмайтын инвестициялық портфельді басқарушыға инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігі есебінен қалыптастырылған активтерді және оларды инвестициялаудан алынған табыстарды (шығындарды) сақтандыру ұйымының беру талаптары мен қағидалары.

32. **Кастодиан** – Сақтанушылардың активтерін құрайтын қаржы құралдары мен ақшаны есепке алуды және олар бойынша құқықтарды растауды, құжаттамалық қаржы құралдарын сақтауды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олардың сақталуы және өзге де қызметі бойынша өзіне міндеттемелер қабылдайтын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы.

33. **Салымдар жоспары** – Сақтанушы таңдаған пайыздық бөлу, оған сәйкес Сақтанушының активтерін қалыптастыруға жіберілетін сақтандыру сыйлықақылары тиісті инвестициялық портфельдер бойынша бөлінеді. Салымдар жоспарын Сақтанушы сақтандыру шартының қолданылу мерзімі кезеңінде кез келген уақытта өзгертуі мүмкін. Салымдар жоспарын өзгерту туралы өтініш берілген күннен бастап Сақтандырушы қаражатты инвестициялау кезінде өзгертілген Салымдар жоспарын басшылыққа алады.

34. **Толықтыру** – Сақтанушының Сақтандырушының банк шотына сақтандыру сыйлықақысының қосымша сомасын аударуы не тікелей Сақтандырушының кассасына қолма-қол ақша қаражатымен төлеу жолымен сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігінің сомасын ұлғайту.

2-БАП. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі және орны

1. Сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеу жөніндегі өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, сақтандыру полисін берген (ресімдеген) күннен кейінгі күннен бастап Сақтандыру шарты күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады және тараптар сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

2. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де қолданылады.

3-БАП. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

1. Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтанушы Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыруға арналған өтінішті толтырады және оған қол қояды.

2. Сақтандыру шарты Сақтанушы қол қойған сақтандыруға өтінішті міндетті түрде берген кезде және Сақтандырушының банк шотына не кассасына сақтандыруға өтініште көрсетілген сақтандыру сыйлықақысының толық сомасы түскен кезде ресімделуге

жатады. Сақтандыру шарты Қағидаларға қосылу және сақтандыру полисін ресімдеу жолымен жасалады.

3. Сақтандырушы сақтандыру шартын жасасқанға дейін Сақтанушыға танысу үшін төмендегілерді ұсынады (электрондық нысанда және/немесе қағаз тасығышта):

- a. 59 қағидаларының көшірмесін;
- b. Қағидалар көшірмесін;
- c. инвестициялық декларациялардың көшірмелерін, соның негізінде инвестициялық портфельдер қалыптасады;
- d. инвестициялық портфельдің шартты бірлігінің ағымдағы құны туралы ақпаратты;
- e. Сақтандырушының, Кастодианның, брокердің және Сақтанушы таңдаған инвестициялық портфельдердің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де ұйымдардың сыйақы мөлшері туралы мәліметтерді.

4. Сақтанушы сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтандырушыға ұсынады:

- 1) Сақтандырушымен белгіленген нысан бойынша сақтандыруға өтінішті;
- 2) Сақтанушының және Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін.
- 3) Сақтандыру шартын жасасу үшін қажетті өзге құжаттарды.

5. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы өтініште сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және оның басталуынан болатын ықтимал шығындардың (сақтандыру тәуекелінің) мөлшерін айқындау үшін елеулі маңызы бар Сақтанушыға белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті.

Сақтандыру шартын жасасу кезеңінде Сақтандырушыға жіберілген Қағидаларда немесе Сақтандырушының жазбаша сұрау салуында белгілі айтылған мән-жайлар, оның ішінде денсаулық жағдайы және бар тәуекелдер туралы декларацияны қоса алғанда, сақтандыруға арналған өтініште көрсетілген мәліметтер немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өзге де мән-жайлар елеулі деп танылады.

6. Сақтандыру шарты күшіне енгеннен кейін сақтандыруға өтініш, сақтандыру полисі, Сақтанушы таңдаған инвестициялық портфельдердің инвестициялық декларациялары және Қағидаларда айқындалған өзге де құжаттар сақтандыру шартын құрайды және оның ажырамас бөліктері болып табылады.

4-БАП. Медициналық тексеру

1. Сақтандыру шартын жасасу алдында Сақтандырушы Сақтанушының денсаулық жағдайын бағалау мақсатында оны медициналық тексеруге жіберуге құқығы бар. Медициналық тексеру Сақтандырушы айқындаған мекемеде немесе өзге де медициналық мекемеде жүзеге асырылуы мүмкін.

2. Сақтанушыны Сақтандырушы сақтандыру шартын жасасқаннан кейін, бірақ сақтандыру жағдайы басталғанға дейін сақтандыру тәуекелінің жоғарылау дәрежесін айқындау мақсатында медициналық тексеруге жіберуі мүмкін.

3. Сақтандыру тәуекелін ұлғайтуға әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын тәуекелді ұлғайтуға мөлшерлес төлеуді талап етуге құқылы.

Егер Сақтанушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушының сақтандыру шартын бұзу туралы болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік отыз күн бұрын ескертеді және егер тараптар неғұрлым қысқа мерзімді келіспесе, шарт осы мерзім өткеннен кейін бұзылды деп есептеледі.

4. Сақтандыру шартын жасасқанға дейін медициналық тексеру Сақтанушының есебінен жүзеге асырылады. Сақтандыру шарты жасалған жағдайда, Сақтанушы төлеген медициналық тексеру құнын Сақтандырушы өтейді.

Сақтандыру шартын жасасқаннан кейін медициналық тексеру соңғы сақтандыру сыйлықақысын төлеген жағдайда Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

5. Медициналық тексеру бойынша шығыстарды Сақтандырушы медициналық қызметке ақы төленгенін растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда сақтандыру сыйлықақысын төлегеннен кейін өтейді.

6. Егер медициналық тексеру Сақтандырушы айқындаған медициналық мекемеде жүзеге асырылса, жүргізілген шығыстарды Сақтандырушы медициналық тексерудің төленгенін растайтын құжаттарда көрсетілген мөлшерде өтейді.

Егер медициналық тексеру Сақтандырушы белгілемеген медициналық мекемеде жүзеге асырылса, онда жүргізілген шығыстар Сақтандырушы айқындаған медициналық мекемедегі ұқсас медициналық тексеру құны шегінде, бірақ нақты жүргізілген шығыстардан артық емес өтеледі.

7. Егер сақтандыру шарты жасалмаса, не сақтандыру сыйлықақысы төленбесе немесе сақтандыру шартында белгіленген мерзімде толық төленбесе, Сақтандырушы медициналық тексеру бойынша шығыстарды өтемейді.

8. Сақтанушы медициналық тексерудің нәтижелерін, егер оларды жүргізу мерзімі Сақтандырушы сақтандыруға өтініш алған күнге дейін 6 айдан аспаса, ұсына алады.

9. Сақтанушының медициналық тексеруден өтуден бас тартуы, сол сияқты Сақтандырушыға тексеруден өтудің мүмкін еместігінің дәлелді себептерін ұсынбауы Сақтандырушының сақтандыру шартын жасасудан бас тартуына, ал егер ол жасалған болса – Сақтандырушының сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуына және Сақтандырушыны өз міндеттемелерін орындаудан босатуына әкеп соғады, бұл туралы Сақтандырушы Сақтанушыны хабардар етеді.

5-БАП. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі

1. Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде бір мезгілде төленеді. Сақтанушы төлем тапсырмасында сақтандыруға арналған өтініштің нөмірін көрсетуге міндетті. Сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарын орындамағаны үшін, егер оған төлем тапсырмасында қате көрсетілген сақтандыруға өтініштің нөмірі немесе төлем тапсырмасында сақтандыруға өтініш туралы мәліметтердің болмауы себеп болса, жауапты болмайды.

Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) Сақтандырушының меншікті активтеріне арналған банк шотына аударған кезде сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігі сақтандыру сыйлықақысы (кезекті сақтандыру жарнасы) есептелген күннен кейін 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде инвестициялық портфель активтерінің құрамына кіретін ақшаны есепке алуға және сақтауға арналған Кастодианда ашылған банк шотына аударылады.

2. Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) қолма-қол ақшамен (тікелей Сақтандырушының кассасына) не қолма-қол ақшасыз ақша қаражатымен (тікелей Сақтандырушының банк шотына) төленуі мүмкін.

Сақтандыру сыйлықақысын төлеу теңгемен жүргізіледі, сақтандыру шарты мен Қағидалардың талаптарына сәйкес оны қайта есептеу және айырбастау талаптарына сәйкес сақтандыру шартында АҚШ долларымен көрсетілуі тиіс.

Сақтанушы сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру сыйлықақысының қосымша сомасын Сақтандырушының банк шотына аудару не қолма-қол ақша қаражатымен тікелей Сақтандырушының кассасына төлеу жолымен сақтандыру

сыйлықақысының жинақтаушы бөлігінің сомасын ұлғайтуға құқылы. Сақтандыру сыйлықақысының енгізілген сомасы Сақтанушы таңдаған және Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша өтініште көрсетілген Салымдар жоспарына сәйкес инвестициялауға жатады. Бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының келіп түскен қосымша сомаларын инвестициялау кезінде Сақтандырушының шотына көрсетілген сомалар түскен күні қолданылатын Салымдар жоспарын басшылыққа алады.

Сақтандырушы сенімгерлік басқару шарты шеңберінде Сақтанушының атынан сақтандыру сыйлықақысының тәуекелдік бөлігін, мөлшері мен жүзеге асыру тәртібі сақтандыру шартында және инвестициялық портфельдің инвестициялық декларациясында көзделген шығыстар мен сыйақыларды төлеу үшін аударымдарды жүзеге асырады.

3. Аударымдар түрлері:

1) инвестициялауға байланысты шығыстар - сақтандыру шартын жасасу бойынша сақтандыру шарты қолданылуының алғашқы екі жылындағы сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігінің сомасынан;

2) Сақтанушының инвестициялық сақтандыру шотын (қосалқы шотын) жүргізгені үшін Сақтандырушының шығыстары;

3) «Кез келген себеппен Сақтандырылушының қайтыс болуы» және (немесе) «Жазатайым оқиға салдарынан сақтандырылған адамның қайтыс болуы» сақтандыру жағдайының басталу тәуекелін өтеу үшін сақтандыру бойынша төлемдер;

4) «Сақтандырылушының сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі немесе Сақтандырылушының кез келген себеппен қайтыс болуы» сақтандыру жағдайының басталу тәуекелін өтеу үшін сақтандыру бойынша төлемдер.

4. Қағидалардың осы бабының 5-тармағының 1) тармақшасында белгіленген аударымдар сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігіне жіберілетін сома түскен кезде бір мезгілде ұсталады.

Бұл ретте аударымдарды Сақтандырушы осы толықтырудың алдындағы сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігін әрбір толықтырғаннан не алып қойғаннан кейін есептелген таза ақша ағынының ең үлкен мәнінен таза ақша ағынының асып түсу сомасынан (толықтыруды ескере отырып) ұстайды.

Толықтыру не алып қою сәтіндегі таза ақша ағынының мөлшері жүзеге асырылған алып қоюларды шегере отырып, сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігіне түскен барлық сомаларды қосу жолымен айқындалады.

5. Қағидалардың осы бабы 5-тармағының 2) тармақшасында белгіленген аударымдар:

- Сақтанушыға тиесілі шартты бірліктердің тиісті санын кері сатып алу (азайту) жолымен ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың үшінші жұмыс күнінен кешіктірмей есептеуге және ұстауға жатады;

- сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда Сақтанушыға тиесілі шартты бірліктердің тиісті санын кері сатып алу (азайту) жолымен Сақтанушының инвестициялық шотының сатып алу құнын қалыптастырған күні есептеуге және ұстап қалуға жатады;

- сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған жағдайда Сақтанушыға тиесілі шартты бірліктердің тиісті санын кері сатып алу (азайту) жолымен жинақтаушы бөліктің сақтандыру төлемі қалыптастырылған күні есептеуге және ұстауға жатады.

Қағидалардың осы бабының 5-тармағының 2) тармақшасында белгіленген аударымдар есеп айырысу жүзеге асырылатын кезеңнің әрбір күнінің соңындағы Сақтанушы активтерінің ағымдағы құнына аударымдар мөлшерлемесін қолдану жолымен есептеледі. Әрбір инвестициялық портфель бойынша есептеуге және ұстауға жататын аударымдар сомасы есепті айдың соңғы күніндегі жағдай бойынша Сақтанушының

барлық инвестициялық портфельдер активтерінің жалпы құнындағы осы инвестициялық портфель активтерінің ағымдағы құнының үлесін негізге ала отырып айқындалады.

Кері сатып алуға (азайтуға) жататын шартты бірліктердің саны бір шартты бірліктің құнына үстемеақы бағасын ескере отырып, кері сатып алу (азайту) күнінің алдындағы күнгі бір шартты бірліктің құнын негізге ала отырып айқындалады.

6. Қағидалардың осы бабының 5-тармағының 3) тармақшасында белгіленген аударымдар Сақтанушыға тиесілі шартты бірліктердің тиісті санын кері сатып алу (азайту) жолымен ай сайын, әрбір айдың үшінші жұмыс күнінен кешіктірмей ұсталуға жатады. Кері сатып алуға (азайтуға) жататын инвестициялық портфельдің шартты бірліктерінің саны есепті айдың соңғы күніндегі жағдай бойынша Сақтанушының барлық инвестициялық портфельдер активтерінің жалпы құнындағы осы инвестициялық портфель активтерінің ағымдағы құнының үлесі негізге алына отырып айқындалады.

Кері сатып алуға (азайтуға) жататын шартты бірліктердің саны бір шартты бірліктің құнына үстемеақы бағасын ескере отырып, кері сатып алу (азайту) күнінің алдындағы күнгі бір шартты бірліктің құнын негізге ала отырып айқындалады.

7. Қағидалардың осы бабының 5-тармағының 4) тармақшасында белгіленген аударымдар Сақтандырушыға түскен сәтте бірінші төленген сақтандыру сыйлықақысынан бір мезгілде ұсталады.

6-БАП. Сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі

1. Әрбір өтелетін тәуекел бойынша сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыруға арналған өтінішке сәйкес белгіленеді және сақтандыру полисінде көрсетіледі.

2. Сақтандыру полисіндегі сақтандыру сомаларының мөлшері АҚШ долларымен көрсетіледі және Қағидаларда белгіленген қайта есептеудің қолданылатын шарттарына сәйкес сақтандыру полисі бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу күніне теңгедегі сомаға баламалы.

3. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандыру сомасы сақтандыру төлемі туралы өкімді қалыптастыру күніне қайта есептеуге жатады.

4. Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасын ұлғайтқан жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру шартына өзгерістер енгізгенге дейін Сақтандырылушыны оның денсаулық жағдайының нақты жай-күйін айқындау және сақтандыру тәуекелінің жоғарылау дәрежесін анықтау мақсатында медициналық тексеруге жіберуге құқылы.

7-БАП. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Сақтанушы құқылы:

1) Қағидалармен және Қағидалардың 3-бабында көрсетілген өзге құжаттармен танысуға;

2) Қағидаларда қарастырылған тәртіпте сақтандыру шартын бұзуға;

3) сақтандыру құпиялылығына;

4) Сақтандырушыдан сақтандыру шарты бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауын талап етуге;

5) сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

2. Сақтанушы міндетті:

1) сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға Қағидаларға сәйкес сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын бағалау үшін маңызы бар өзіне белгілі

барлық мән-жайлар туралы хабарлауға, сондай-ақ сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтандыру тәуекелін ұлғайтуға қабілетті барлық фактілер туралы хабарлауға;

2) Сақтандырушының сұрау салуы бойынша сақтандыру тәуекелінің ұлғаю фактілерін растайтын құжаттарды ұсынуға;

3) Сақтандырушыны сақтандыру жағдайының басталғаны туралы ол басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті. Егер Сақтандырылушының қайтыс болуы сақтандыру жағдайы болып табылса, онда Сақтандырушыны сақтандыру жағдайы туралы хабардар ету міндеті Пайда алушыға жүктеледі;

4) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын уақтылы және толық анықтауға жәрдемдесуге міндетті. Егер Сақтандырылушының қайтыс болуы сақтандыру жағдайы болып табылса, онда Сақтандырушыға жәрдемдесу міндеті Пайда алушыға жүктеледі;

5) сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

6) сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға барлық қажетті құжаттар мен дәлелдемелерді беруге;

7) сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған басқа да міндеттерді орындауға.

3. Сақтандырушы құқылы:

1) Сақтанушыдан сақтандыру шартына сәйкес онымен қабылданған міндеттемелерді орындауды талап етуге;

2) Қағидалармен, сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

3) Сақтанушыдан және үшінші тұлғалардан тәуекел дәрежесін айқындау үшін, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтау үшін маңызы бар кез келген ақпаратты сұратуға;

4) қандай да бір тәуекел бойынша сұратылған сақтандыру сомасын негіздеуді талап етуге;

5) Қағидаларда көзделген мән-жайлар кезінде жүзеге асырылған төлемдерді қайтаруды талап етуге;

6) сақтандыру жағдайлары бойынша ақпаратты тексеруге және қажет болған жағдайда тиісті уәкілетті органдарға сұрау салу жіберуге;

7) егер сақтандыру шартын жасасқаннан кейін Сақтанушының Қағидаларға сәйкес сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын бағалау үшін елеулі маңызы бар және сақтандыру шартын жасасқаннан кейін сақтандыру тәуекелін ұлғайтуға қабілетті мән-жайлар туралы Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер бергені анықталса, сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап етуге (Егер Сақтанушы үндемеген мән-жайлар бұрыннан бар болса, сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды талап ете алмайды);

8) сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

4. Сақтандырушы міндетті:

1) Қағидаларды және Қағидаларда көзделген өзге де құжаттарды Сақтанушының қалауы бойынша электрондық нысанда немесе қағаз тасығышта таныстыруға және Сақтанушыға беруге;

2) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ Сақтанушының ашуға (тапсыруға, беруге, жария етуге және т.б.) сөзсіз және

кері қайтарып алынбайтын жазбаша келісімі кезінде Сақтанушымен қарым-қатынастарда сақтандырудың құпиялылығын, өзінің кәсіби қызметі нәтижесінде алған Сақтанушы және оның мүлдіктік жағдайы туралы мәліметтерді жария етпеуді қамтамасыз етуге;

4) Сақтанушы немесе Пайда алушы не олардың өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, оларды жетіспейтін құжаттар туралы құжаттарды толық емес көлемде алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар етуге;

5) сақтандыру шартымен және Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен қарастырылған басқа да міндеттерді орындауға.

8-БАП. Сақтанушыны ауыстыру

1. Сақтанушының сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін соңғысының және Сақтандырушының жазбаша келісімімен басқа тұлғаға беруге құқығы бар. Құқықтар мен міндеттерді беру Сақтандыру полисінің түпнұсқасын не оның телнұсқасын қоса бере отырып, Сақтанушы және сақтандыру шарты бойынша құқықтар мен міндеттерді қабылдайтын тұлға (Сақтанушының құқықтық мирасқоры) қол қойған Сақтанушының өтініші негізінде Жаңартылған сақтандыру полисін беру, сондай-ақ Сақтанушының құқықтық мирасқорының денсаулық жағдайы туралы декларацияны және Сақтанушының сұрау салуы бойынша өзге де құжаттарды толтыру жолымен ресімделеді.

2. Сақтанушыны ауыстыру Сақтанушы Сақтанушының құқық мирасқорына Жаңартылған полисті берген (ресімдеген) күннен бастап жарамды болады.

9-БАП. Пайда алушы

1. Сақтандырылушының сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі сақтандыру жағдайы бойынша пайда алушы болып табылады. Сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырылушының қайтыс болуын Пайда алушы (немесе бірнеше Пайда алушылар сақтандыру төлемінен түскен үлестерін көрсете отырып) Сақтандырушы сақтандыруға арналған өтініште немесе өзгертуге арналған өтініште тағайындайды.

2. Сақтандыру жағдайы басталған сәтте немесе одан кейін Пайда алушы қайтыс болған жағдайда, Пайда алушының мұрагерлерінің сақтандыру төлемін алуға құқығы бар.

3. Егер Пайда алушы кәмелетке толмаған болса, онда сақтандыру төлемін алушы кәмелетке толмағанның ата-анасы, асырап алушы, қорғаншысы, қамқоршысы немесе Пайда алушының өзге де заңды өкілі болып табылады.

4. Пайда алушы немесе оның мұрагерлері сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне дейін Сақтандырушыға өзінің банктік деректемелерін көрсете отырып, өтініш және жеке басын куәландыратын құжат (-тар) береді.

10-БАП. Пайда алушыны ауыстыру

1. Сақтанушы сақтандыру жағдайы басталғанға дейін бұл туралы Сақтандырушыны жазбаша хабардар ете отырып, Пайда алушыны басқа тұлғамен ауыстыруға құқылы.

2. Пайда алушыны ауыстыру Сақтандырушы Сақтанушыға Жаңартылған полисті берген (ресімдеген) күннен бастап жарамды болады.

11-БАП. Сақтанушының байланыс деректерін өзгерту

1. Сақтандырушы Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтанушының Жеке кабинетіне және/немесе сақтандыруға өтініште/өзгертуге өтініште көрсетілген байланыс деректеріне (оның орналасқан жерінің немесе тұрғылықты жерінің мекенжайы және/немесе СМС-хабарлама түріндегі электрондық мекенжайы және/немесе ұялы телефоны және т.б.) хабарламаларды жібереді.

2. Хабарлама Сақтанушыға (Пайда алушыға) хабарламаның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі.

3. Байланыс деректері өзгерген кезде Сақтанушы (Пайда алушы) он күн мерзімде өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті. Олай болмаған жағдайда Сақтандырушының сақтандыруға өтінішінде/өзгертуге өтінішінде көрсетілген алдыңғы байланыс деректері бойынша жіберілген кез келген хабарламасын тараптар орындаған (жарамды) деп есептейтін болады.

4. Егер Сақтанушының (Пайда алушының) орналасқан жері немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса және жалғыз байланыс құралы ретінде белгіленген болса, онда Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтанушыға (Пайда алушыға) хабарламаларды жеткізуге жауапты Қазақстан Республикасында сенім білдірілген тұлғаны көрсетуге міндетті.

12-БАП. Сақтандыру шартының талаптарындағы өзгерістер. Жаңартылған сақтандыру полисі.

1. Сақтандыру шартына барлық өзгерістер мен толықтырулар Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тараптардың келісімі бойынша енгізіледі және жазбаша нысанда (қағаз тасымалдағышта немесе электрондық нысанда) ресімделуі тиіс.

2. Сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Сақтанушының өтініші негізінде жүзеге асырылады:

1) Сақтанушының қолы қойылған қағаз тасымалдауышта;

2) электрондық нысанда, оған қол қою Сақтанушының SMS-хабарлама көмегімен Сақтанушыға жіберілген бірегей кодты енгізуімен жүзеге асырылады, бұл Сақтанушының өзгерістер енгізуге келісімінің растауы болып табылады.

Бұл ретте Жаңартылған сақтандыру полисі Сақтанушының Жеке кабинетінде электрондық нысанда орналастырылады. Қағаз тасымалдағыштағы жаңартылған сақтандыру полисі Сақтанушыға оның жазбаша сұрау салуы бойынша беріледі.

3. Сақтанушы Сақтанушының Жеке кабинетінде және (немесе) қағаз тасымалдағышта электрондық нысанда өтініш беру жолымен сақтандыру шартына төмендегідей өзгерістер немесе толықтырулар енгізуге құқылы:

1) Сақтанушыны және (немесе) Пайда алушыны ауыстыру;

2) Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының дербес деректерін өзгерту;

3) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімін өзгерту;

4) Салымдар жоспарын өзгерту;

5) Сақтандырушының келісімімен басқа өзгерістерді енгізу.

4. Сақтанушының сақтандыру шартына өзгерістер енгізу туралы өтініші оны Сақтандырушы қабылдағаннан және ол барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады және:

1) осы баптың 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген өзгерістер Сақтандырушы Сақтанушының өтінішін қабылдаған күні күшіне енеді;

2) осы баптың 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген өзгерістер сақтандырудың келесі айынан бастап күшіне енеді.

Олар күшіне енгеннен кейін барлық өзгерістер Сақтанушының Жеке кабинетінде көрсетіледі.

5. Егер Сақтанушы сақтандыру шартының қолданылу мерзімін өзгертуге бастамашылық жасаса, одан кейін ол екі жылдан кем болады, мұндай сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы шығыстарды сақтандыру полисінде айқындалған мөлшерде ұстайды.

6. Егер Сақтандырушы сақтандыру шартының қандай да бір өзгерісімен келіспесе, ол Сақтанушының өтінішін және (немесе) қосымша құжаттарды алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде, егер олар сұратылса, Сақтанушыға тиісті бас тартуды жібереді. Бұл жағдайда, сондай-ақ Сақтандырушыға ол сұратқан құжаттардың қайсыбірі берілмеген жағдайда келісімге қол жеткізілді деп есептелмейді және сақтандыру шартының өзгерістері күшіне енбейді.

7. Егер Сақтанушы бір инвестициялық портфельдің активтерін басқа инвестициялық портфельге аударғысы келген жағдайда, ол бұл туралы белгіленген нысанда өтініш бере отырып, Сақтандырушыға хабарлайды. Сақтандырушы тиісті өзгерісті Сақтандырушы өтінішті алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Егер Сақтандырушы өтініште көрсетілген инвестициялық портфельге активтерді орналастыруды тоқтата тұрса немесе тоқтатса немесе Сақтандырушыдан тәуелсіз басқа себептер бойынша аталған мән-жайлар жойылғанға дейін ауыстыру қиын немесе мүмкін болмаса, осы тармақта көрсетілген мерзім ұзартылуы мүмкін.

8. Сақтандырушы өзгерістер туралы ақпаратты өзгеріс күшіне енгенге дейін кемінде 15 (он бес) күн бұрын Сақтандырушының интернет-ресурсында және Сақтанушының жеке кабинетінде орналастыра отырып, Қағидалар мен жасалған сақтандыру шартының талаптарын немесе сақтандыру сыйлықақыларын есептеу қағидаттарын толықтыруға немесе өзгертуге құқылы.

Егер Сақтанушы аталған өзгерістер күшіне енген күнге дейін Сақтандырушыға сақтандыру шартын тоқтату туралы өтініш бермесе, Сақтанушы өзгерістермен келісті деп есептеледі.

13-БАП. Хат-хабар және жеке кабинет

1. Сақтандырушының жеке кабинеті – Сақтандырушының (www.nomadlife.kz) интернет-ресурсындағы Сақтанушының дербес деректері қамтылған және сақтандыру шартын өзгерту және толықтыру бойынша белгілі бір мүмкіндіктер берілетін бөлім.

2. Сақтандыру шартымен байланысты барлық хат-хабарларды Сақтандырушы Сақтанушының Жеке кабинетінде орналастырады және (немесе) Сақтанушыға (Пайда алушыға) оның орналасқан жерінің және/немесе тұрғылықты жерінің мекенжайы бойынша және/немесе сақтандыруға өтініште / өзгертуге өтініште, және/немесе Сақтанушының Жеке кабинетінде көрсетілген СМС-хабарлама түріндегі электрондық мекенжай және/немесе ұялы телефон бойынша хат-хабар жібереді.

3. Егер Сақтанушының (Пайда алушының) орналасқан жері немесе тұрғылықты жері Қазақстан Республикасынан тыс жерде болса, онда хат-хабар Сақтанушының Жеке кабинетіне немесе Сақтанушының электрондық мекенжайына немесе Сақтанушыға (Пайда алушыға) хабарламаларды жеткізуге жауапты тұлғаға жіберіледі.

4. Сақтанушы активтерінің мөлшері туралы және ол өткен кезеңде төлеген сақтандыру сыйлықақылары туралы барлық ақпарат Сақтанушыға жеке кабинетінде қолжетімді.

5. Сақтандырушының сақтандыруға өтінішінде/өзгертуге өтінішінде Сақтанушы көрсеткен хабарламаларды электрондық пошта арқылы жіберуі пошталық мекенжайға жіберуге тең деп есептеледі. Бұл ретте Сақтанушы ақпаратты электрондық пошта арқылы жіберу деректерді беру тәуекелімен байланысты екенін түсінеді және осы тәуекелді қабылдайды.

6. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде Сақтандырушы Сақтандырушының интернет-ресурсында тиісті ақпаратты орналастыра отырып, Сақтандырушының атауының, байланыс телефондарының, мекенжайларының барлық өзгерістері туралы Сақтанушыны дереу хабардар етеді.

7. Сақтанушы Сақтандырушыны байланыс ақпаратының немесе Сақтанушы мен Пайда алушының дербес деректерінің өзгерістері туралы Сақтандырушыны бұл туралы жазбаша түрде хабардар ете отырып, дереу хабардар етуге міндеттенеді.

2-ТАРАУ. ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ

14-БАП. Сақтандыру жағдайларының тізбесі

1. Қағидаларға сәйкес сақтандыру жағдайлары болып табылады:

1) Сақтандырылушының сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі немесе Сақтандырылушының кез келген себеппен қайтыс болуы;

2) Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде болған кез келген себеп бойынша Сақтандырылушының қайтыс болуы;

3) Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде болған жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болу.

Сақтандыру қорғауының қолданылу кезеңінде болған жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушының қайтыс болуы және жазатайым оқиға басталған кезден бастап алты айдан кешіктірмей басталған жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болу тәуекелі бойынша сақтандыру жағдайы болып табылады.

15-БАП. Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-әрекеттері

1. Сақтандыру жағдайын растау үшін:

1) Сақтандырылушының сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі - Сақтандырушыға мынадай құжаттарды ұсынады:

- банк деректемелерін қоса бере отырып, Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру төлемі туралы өтініш;

- Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжат, егер сақтандыру төлемі туралы өтініш Сақтанушының Жеке кабинетінде ұсынылса, онда Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі қоса беріледі.

2) **Кез келген себеппен Сақтандырылушының қайтыс болуы/жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушының қайтыс болуы** – Сақтандырушыға төмендегідей құжаттарды ұсынады:

- Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша хабарлама;
- Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыру төлемі туралы өтініш;
- уәкілетті орган берген Сақтандырылушының қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- Сақтандырылушының қайтыс болу себептерін көрсете отырып, қайтыс болғаны туралы медициналық/дәрігерлік куәліктің көшірмесі;
- қайтыс болу себептері туралы патологиялық-анатомиялық (сот-медициналық) сараптама қорытындысының көшірмесі. Егер ашу жүргізілмесе – уәкілетті органнан осы сараптама жүргізілмегені туралы жазбаша растау;
- егер Сақтандырылушының қайтыс болуына қандай да бір ауру себеп болса, уәкілетті тұлғаның қолымен және медициналық мекеменің мөрімен расталған ауру тарихынан немесе амбулаториялық картадан, оның ішінде сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі денсаулық жағдайы туралы ақпаратты көрсете отырып үзінді көшірме;
- құзыретіне жазатайым оқиғаның басталу фактісін растау, туындаған зардаптарды нақтылау, сондай-ақ егер Сақтандырылушының қайтыс болуы жазатайым оқиға нәтижесінде орын алса, олардың арасындағы себептік байланыс жататын тиісті уәкілетті органның құжаты;
- Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, жеке тұлғалар үшін ЖСН;
- нақты тұлға Пайда алушы ретінде тағайындалмаған жағдайда, Сақтандырылушы мұрагерлерінің мұрагерлік құқығына енуді куәландыратын және сақтандыру төлемін алу үшін қажетті құжаттары (мұрагерлік құқығы туралы куәліктің, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері; мұрагердің ЖСН).

2. Егер нақты мән-жайларды ескере отырып, олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтау мүмкін болмаса, Сақтандырушы жоғарыда баяндалған құжаттар тізбесін қысқартуға немесе Пайда алушыдан/Сақтандырылушыдан қосымша құжаттарды ұсынуды дәлелді түрде талап етуге құқылы.

3. Сақтандырушы сақтандыру жағдайы туралы хабарламаны дереу тіркеуге және өтініш берушіге алынған құжаттардың тізбесі мен олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге міндетті. Пошта байланысы арқылы хабарламаны алған жағдайда, сондай-ақ осы баптың 1-тармағында көзделген құжаттарды ұсынбаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сақтанушыға/Пайда алушыға бар болған жағдайда, жетіспейтін құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хат жібереді.

4. Егер жазатайым оқиға салдарынан Сақтандырылушының қайтыс болу фактісі бойынша тергеу жүргізетін органдар қылмыстық істі қозғау туралы мәселені қараса, Сақтандырушы Пайда алушыдан қылмыстық істі қозғау туралы, қозғаудан бас тарту туралы не қысқарту туралы қаулының көшірмелерін сұратуға құқылы.

Бұл ретте Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тергеу жүргізетін органдардың іс жүргізу шешімі шығарылғанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқығы бар.

5. Сақтандыру жағдайына қатысты құжаттар Сақтандырушыға қазақ немесе орыс тілдерінде не қазақ немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармасы бар түпнұсқа тілінде ұсынылуы тиіс.

16-БАП. Тәуекелді бөліктің сақтандыру төлемін жүзеге асырудың мөлшері, тәртібі мен талаптары

1. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда, сақтандыру төлемінің тәуекел бөлігінің мөлшерін сақтандырушы сақтандыру өтемдері бойынша сақтандыру сомаларын қосу жолымен айқындайды.

кез келген себеппен:

- «сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде туындаған кез келген себеп бойынша сақтандырылушының қайтыс болуы»;
- «Сақтандырылушының сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі немесе кез келген себеппен Сақтандырылушының қайтыс болуы»;

жазатайым оқиға нәтижесінде:

- «сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде туындаған кез келген себеп бойынша сақтандырылушының қайтыс болуы»;
 - «сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде орын алған жазатайым оқиға нәтижесінде сақтандырылушының қайтыс болуы»;
- «Сақтандырылушының сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі немесе кез келген себеппен Сақтандырылушының қайтыс болуы».

Тәуекелді бөліктің сақтандыру төлемін Сақтандырушы Пайда алушыға Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімде бір мезгілде жүзеге асырады.

2. Тәуекелді бөліктің сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде сақтандыру сомасы сақтандыру төлемі туралы өкімді қалыптастыру күніне белгіленген «USD/ KZT TOD» ресми бағамы бойынша қайта есептеуге жатады.

3. Сақтандырушы тәуекелді бөліктің сақтандыру төлемін жүзеге асыру не жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімді Қағидаларда көзделген барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қабылдайды.

4. Тәуекелді бөліктің сақтандыру төлемі Сақтандырушы тәуекелді бөліктің сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

5. Тәуекелді бөліктің сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім тәуекелді бөліктің сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, хабарлама жіберу арқылы Пайда алушыға жазбаша нысанда хабарланады. Тәуекелді бөліктің сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім тәуекелді бөліктің сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, хабарлама жіберу арқылы Пайда алушыға жазбаша нысанда хабарланады.

6. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде басталған және Қағидалардың 17-бабының 1-тармағына сәйкес сақтандыру жағдайы болып табылмайтын Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда, сақтандыру шартының қолданылуы Сақтанушы қайтыс болған күннен бастап тоқтатылады және Сақтандырылушының мұрагерлері ол болған кезде сатып алу сомасын алуға құқылы.

7. Тәуекелді бөліктің сақтандыру төлемі Пайда алушының банк шотына жүргізіледі. Тәуекелді бөліктің сақтандыру төлемін төлеу және аудару бойынша шығыстар, егер төлем немесе аударым Қазақстан Республикасының шегінде жүзеге асырылса ғана Сақтандырушының есебінен жүзеге асырылады.

17- БАП. Сақтандыру жағдайларының ерекшеліктері және сақтандыру шектеулері

1. Сақтандырылушының төмендегідей жағдайлардың салдарынан қайтыс болуына әкеп соққан оқиғалар Қағидалар бойынша сақтандыру жағдайлары деп танылмайды:

1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зақымданудың;
2) әскери қимылдардың;
3) азаматтық соғыстың, түрлі жаппай тәртіпсіздіктердің немесе ереуілдердің халықтық толқуларының;

4) Медициналық мекеменің білікті дәрігері ұйғарған дәрілерді пайдалануды қоспағанда, Сақтандырылушының есірткі немесе психотроптық заттарды пайдалануы (медициналық куәландыруды/сараптаманы жүргізген ұйымдардың қорытындысы болған кезде);

5) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

6) алкогольдік/есірткілік мастанудың, оның ішінде алкогольдік/есірткілік мас күйінде көлік құралын басқару;

7) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстар немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері;

8) Сақтандырылушы кәсіби спортпен немесе қауіпті спорт түрлерімен (қысқы, су асты, ұшқыш ретінде жеке ұшу құралдарын басқару, авто және мотожарыстар, спорттың күштік түрлері, құзға шығу, альпинизм, дельтапланеризм, парашют спорты, оның ішінде еркін құлауда парашютпен ұзаққа созылған секіру, байланыстағы жауынгерлік және спорттық жекпе-жектер, 50 м-ден астам тереңдікке бату, жеке-дара бату, мұз асты және үнгір дайвингі, жабдықтарсыз бату) және спорттың басқа да экстремалды түрлерімен, не осындай үлгідегі жаттығулармен, дене шынықтыру залалын алудың барынша жылдамдығына, биіктігіне, тереңдігіне немесе жоғары тәуекелге қол жеткізуге, сондай-ақ өмір сүру үшін қауіп-қатерге байланысты трюктерді орындауға бағытталған кез келген жарыстарға қатысу;

9) жер астында, 10 м-ден астам биіктікте, 50 м-ден астам тереңдікте, жарылғыш заттармен жұмыс істеуге байланысты еңбек және қызметтік міндеттерін орындау;

10) лицензияланатын авиакомпанияның (растайтын құжаттар болған кезде) жолаушылар әуе кемелерінде жолаушы ретінде ұшуды қоспағанда, ұшу аппараттарында (оның ішінде дельтапандарда, парашюттерде) ұшу;

11) сақтандыруға қабылдау сәтінде онкологиялық, психикалық, ауыр неврологиялық аурулар (шашыраңқы склероз, ми қан айналымының бұзылуынан кейінгі жағдайлар, Паркинсон, Альцгеймер аурулары, бас және жұлын аурулары, жүйке жүйесінің кез келген демиелинизациялайтын аурулары), қантұзу жүйесінің аурулары, жүрек және жүрек және тамырлық жетіспеушілігімен қан тамырларының аурулары, қан тамырларының аневризмдері, жүректің ишемиялық ауруы (1 функционалдық кластан жоғары кез келген стенокардия, анамнездегі миокард инфаркті), систолалық АҚ саны 150 мм.с.б.-дан жоғары және диастолиялық АҚ 89 ммс.б.-дан жоғары және қан айналымының жеткіліксіздігі 1 баптан жоғары кез келген генездің артериялық гипертензиясы, 1 немесе 2 типтегі қант диабеті, өкпе гипертензиясы, жүрек және қан тамырларының ақаулары, алдыңғы бес жылда асқынған және клиникалық және зертханалық белгілері бар немесе бүйрек жеткіліксіздігі құбылыстары бар бүйрек аурулары, бауырдың кез келген аурулары, туберкулез, асқазанның созылмалы жарасы, тыныс алу жеткіліксіздігі 1 дәрежеден жоғары өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, алкоголизм, нашақорлық, ЖИТС және

АИТВ, жүйелі аурулар (СКВ, склеродермия, ревматоидты артрит, дерматомиозит), тиреотоксикозбен қалқанша безінің аурулары сияқты аурулар орын алған болса;

12) Сақтандырушыға Сақтандырылушының қайтыс болу себебін растайтын құжаттарды ұсыну және (немесе) Сақтандырылушының қайтыс болу себебін анықтамау, оның ішінде жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының немесе заңды өкілдерінің жазбаша өтініші не аталған тұлғаның тірі кезінде берген жазбаша еркін білдіруі негізінде патологиялық-анатомиялық ашып қарауды жүргізуден бас тарту;

13) егер мұндай жағдай Сақтандырылушының өзін-өзі өлтіруі, АИТВ инфекциясымен ауыруы нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде басталса және Сақтандырылушы қайтыс болған күні осы уақытқа дейін сақтандыру шарты екі жылдан кем қолданыста болса;

14) егер сақтандыру (сақтандыру қорғанысы) шартының үздіксіз қолданылуының бірінші жылы ішінде жағдай ауыр және/немесе созылмалы жүрек-қан тамырлары ауруы, жүрек және/немесе қан тамырлары патологиясы, жүйелі ауру, созылмалы бүйрек жетіспеушілігі, қатерлі ісік пайда болуына байланысты ауру нәтижесінде тікелей немесе жанама орын алса, егер бұл аурулар сақтандырудың бірінші жылы ішінде сақтандыру шарты жасалғаннан кейін анықталған болса.

2. Сақтандырушы төмендегідей жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушыға сақтандыру нысаны, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуы тиіс өзге де мәліметтерді (растайтын құжаттар болған кезде) хабарлауы;

2) Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын тергеуге кедергі келтіруі (растайтын құжаттар болған кезде);

3) егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақтылы білгені не Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмайтыны дәлелденбесе, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы ол басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жазбаша нысанда хабарламауы;

4) Сақтандырушыға мәлімделген оқиға бойынша Сақтандырушының шешім қабылдауы үшін қажетті құжаттарды ұсынбауы;

5) егер Сақтандырылушымен сақтандыру жағдайы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғауы қолданылмаған кезеңде болса;

б) наступления смерти Застрахованного по причине эпидемии или пандемии.

3-ТАРАУ. САҚТАНУШЫНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛАРҒА ҚАТЫСУЫ

18-БАП. Инвестициялық портфельдің активтерін басқару және оны қалыптастыру тәртібі

1. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушы инвестициялық портфельді басқаруға арналған лицензия негізінде Сақтанушының кіріс алу және осындай инвестициялау кезінде тәуекелдердің төмендеуін қамтамасыз ету мақсатында Сақтанушының активтерін дербес басқарады.

Егер инвестициялық портфельдің инвестициялық декларациясында өзгеше көзделмесе, инвестициялық портфель шектелмеген мерзімге қалыптастырылады.

Сақтандырушы бір немесе бірнеше инвестициялық портфельдер құруға (қалыптастыруға) құқылы. Инвестициялық портфельдердің бірі таратылған жағдайда Сақтандырушы, егер осы инвестициялық портфель оның активтері есебінен қалыптастырылса, бұл туралы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.

Бұл ретте инвестициялық портфельді таратуға дейін бір айдан кешіктірмей Сақтандырушы Сақтанушыдан активтерді бөлудің жаңа арақатынасын сұратуға тиіс. Егер Сақтанушы көрсетілген кезең ішінде активтерді бөлудің жаңа арақатынасын белгілемесе, таратылатын инвестициялық портфельдің Сақтанушының инвестициялық қосалқы шотындағы ағымдағы қалдық (активтер) Сақтанушы таңдаған тең үлесте қалған инвестициялық портфельдер арасында бөлінеді.

2. Инвестициялық портфельдің активтеріне Сақтанушының меншік құқығындағы үлесі Сақтандырушы шығаратын шартты бірлікпен куәландырылады.

Инвестициялық портфель активтерін сақтанушылар арасында бөлуге және олардан заттай үлес бөлуге жол берілмейді.

3. Инвестициялық портфельдің инвестициялық декларациясын бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімді Сақтандырушының Директорлар кеңесі қабылдайды.

4. Сақтандырушы Сақтандырушының шотына ақша қаражаты түскен күні қолданыстағы Салымдар жоспарына сәйкес Сақтанушы инвестициялауға жіберетін сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігін орналастырады.

Кез келген қосымша сақтандыру сыйлықақысы жинақтаушы бөлігін толықтыруға жіберіледі және Сақтандырушының шотына ақша қаражаты түскен күні қолданыстағы Салымдар жоспарына сәйкес бөлінеді.

5. Сақтандырушы инвестициялық портфельдер нысанында қаражатты жинақтаудың қолжетімді түрлерін белгілейді, олар Сақтанушының таңдауы бойынша Салымдар жоспарына енгізілуі мүмкін. Сақтандырушының өзгерістер күшіне енгенге дейін кемінде 30 күн бұрын тиісті ақпаратты Сақтандырушының интернет-ресурсында орналастыра отырып, ұсынылатын инвестициялық портфельдердің тізімін өзгертуге құқығы бар.

6. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігін Сақтандырушының банк шотына сақтандыру сыйлықақысы (қосымша сақтандыру сыйлықақысы) есептелген күннен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде инвестициялайды.

7. Сақтанушының өтінішіне сәйкес инвестициялық портфельдерге инвестициялау мүмкін болмаған жағдайда, осы баптың 6-тармағында көрсетілген мерзім ұзартылуы мүмкін, бұл туралы Сақтандырушы Сақтанушыны хабарламаның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен хабардар етеді.

8. Сақтанушының бір немесе бірнеше инвестициялық портфельдердің шартты бірліктерін сатуды және бір мезгілде сатып алуды талап ететін инвестициялық портфельдердің құрамына кіретін оның активтерін қайта бөлу туралы өтініші қабылданған жағдайда Сақтандырушы 7 (жеті) жұмыс күні ішінде тиісті өзгерістерді жүзеге асырады.

19-БАП. Инвестициялық портфель активтерін сенімгерлік басқару шарты

1. Сенімгерлік басқару шарты қосылу шарты болып табылады, оның талаптары Сақтанушының өтінішінде көрсетілген инвестициялық портфельдің инвестициялық декларациясында айқындалады. Сенімгерлік басқару шартының талаптарын Сақтанушы көрсетілген шартқа тұтастай қосылу арқылы ғана қабылдай алады. Сенімгерлік басқару шарты Сақтандырушының Интернет-ресурсында орналастырылуы тиіс.

2. Сенімгерлік басқару шарты бойынша Сақтанушы Сақтандырушыға басқа сақтанушылардың активтерімен сақтанушының өтінішінде көрсетілген инвестициялық портфельге біріктіру және осы инвестициялық портфельдің инвестициялық декларациясына сәйкес кейіннен инвестициялау мақсатында сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігін инвестициялық басқаруға береді.

20-БАП. Инвестициялық портфельдің шартты бірліктерін орналастыру шарттары мен тәртібі

1. Белгілі бір инвестициялық портфельдің шартты бірлігін сатып алу Сақтанушының осы инвестициялық портфельді сенімгерлік басқару шартына қосылғанын куәландырады.

Сақтанушының өзінің барлық шартты бірліктерін иеліктен шығаруы сенімгерлік басқару шарты мен сақтандыру шартының бұзылуын білдіреді.

2. Сақтанушы инвестициялық портфельдің активтерін инвестициялық басқаруға байланысты туындаған міндеттемелер бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі шартты бірліктер құны шегінде залалдар, оның ішінде инвестициялық портфель активтерінің нарықтық құнының өзгеруіне байланысты тәуекелдерге ұшырайды.

3. Сақтанушыға инвестициялық портфельдердің шартты бірліктерін сатып алу Сақтанушының өтініші – сақтандыруға өтініші немесе Салымдар жоспарын өзгертуге өтініші негізінде жүзеге асырылады. Сақтандырушы Сақтанушының активтерін инвестициялау кезінде берілген күні неғұрлым кеш болып табылатын және Сақтандырушының шотына ақша қаражатының түскен күнінің алдындағы өтінішті басшылыққа алады. Сақтанушыға инвестициялық портфельдердің шартты бірліктерін сатып алу қолданыстағы Салымдар жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бір портфельдің шартты бірліктерін кері сатып алуды және басқа инвестициялық портфельдің шартты бірліктерін сатып алуды көздейтін активтерді инвестициялық портфельдер арасында аударған жағдайда Сақтанушы Салымдар жоспарын өзгертпей активтерді бөлуді айқындауға құқылы.

Сақтандырушының аналитикалық есепке алу жүйесіндегі Сақтанушының инвестициялық сақтандыру шотына шартты бірліктерді есепке алу шарттары Сақтанушының өтінішінің (сақтандыруға өтініш немесе Салымдар жоспарын өзгертуге өтініш) болуы және сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігінің Кастодиандағы инвестициялық портфельдің шотына түсуі болып табылады.

4. Сақтанушының өтініші мынадай тәртіппен берілуі мүмкін:

1) қағаз тасымалдауышта;

2) Сақтанушының Жеке кабинеті арқылы электронды нұсқада.

Сақтандырушының қағаз тасымалдауыштағы өтініші Сақтандырушының орналасқан жері бойынша Сақтандырушыға беріледі.

Өтініштерді қағаз тасымалдауышта қабылдау әрбір жұмыс күні сағат 9.00-ден сағат 18.00-ге дейін жүзеге асырылады. Өтініштерді Сақтанушының Жеке кабинетінде электрондық нысанда қабылдау тәулік бойы жүзеге асырылады. Егер Сақтанушы Жеке кабинетте Сақтандырушының жұмыс уақытында емес өтініш берген жағдайда, онда мұндай өтініш келесі жұмыс күні тіркеледі.

Сақтанушының инвестицияларға сақтанушының қатысуымен Жинақтаушы сақтандырудың сақтандыру полисі бойынша салымдар жоспарын өзгертуге/инвестициялық портфельдің шартты бірліктерін кері сатып алуға/инвестициялық портфельдер арасындағы активтерді аударуға өтініштері және Сақтанушының активтеріне билік етуге арналған өзге де өтініштері қайтарып алынбайтын сипатта болады..

5. Сақтандырушының аналитикалық есепке алу жүйесіндегі Сақтанушының инвестициялық сақтандыру шотына шартты бірліктерді есепке алу Сақтандырушының шотына ақша қаражаты түскеннен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

Сақтанушыға бір шартты бірлікті өткізу бағасы шартты бірлікті өткізудің алдындағы жұмыс күнінің соңындағы шартты бірліктің есептік құнын негізге ала отырып айқындалған баға бойынша айқындалады. Егер бұл сақтандыру шартында, Қағидаларда, инвестициялық декларацияда және Сақтандырушының назарына жеткізілген Сақтандырушының өзге де ішкі құжаттарында, оның ішінде оларды Сақтандырушының интернет-ресурсында орналастыру жолымен көзделсе, шартты бірлікті өткізу бағасы комиссия сомасына (Bid/Ask) ұлғайтылуы мүмкін.

Сақтанушыға сатып алынған шартты бірліктердің саны Сақтанушының аналитикалық есепке алу жүйесіндегі Сақтанушының инвестициялық сақтандыру шотына есепке алынғаннан кейін Сақтанушының Жеке кабинетінде көрсетілуі тиіс.

6. Сақтандырушының өтініштерін қабылдаудан бас тарту келесі жағдайларда рұқсат етіледі:

- 1) Қағидаларда белгіленген өтініштер беру тәртібі мен талаптарын сақтамау;
- 2) уәкілетті органның немесе Сақтандырушының шешімі бойынша инвестициялық портфельдің шартты бірліктерін орналастыруды тоқтата тұру;
- 3) Сақтанушының назарына, оның ішінде оларды Сақтандырушының интернет-ресурсында орналастыру жолымен жеткізілген Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе Сақтандырушының ішкі құжаттарында белгіленген өзге де талаптарды орындамау.

8. Егер инвестициялық портфельдің инвестициялық декларациясында өзгеше көзделмесе, инвестициялық портфельдегі шартты бірліктердің саны шектелмейді.

Сақтандырушы инвестициялық портфельдің шартты бірліктері сатып алынуы мүмкін ең жоғары сомаға қойылатын талаптарды белгілеуге құқылы.

9. Сақтанушылардың мынадай құқықтары бар:

- 1) шартты бірліктерді кері сатып алуға ұсыну;
- 2) Сақтандырушыдан инвестициялық портфель активтерінің құрамы мен ағымдағы құны туралы, сондай-ақ Ережеде белгіленген тәртіппен шартты бірліктің есептік құны туралы ақпарат алуға;
- 3) инвестициялық портфель таратылған жағдайда оның активтерін сатудан алынған ақшаны алуға;
- 4) Қағидаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар.

21-БАП. Инвестициялық портфельдің шартты бірліктерін сатып алу

1. Инвестициялық портфельдің шартты бірліктерін кері сатып алу туралы талапты Сақтандырушы белгілеген шартты бірліктерді кері сатып алуға өтініш нысанында Сақтандырушы береді.

Кері сатып алуға өтінішті Сақтанушы немесе оның өкілі Сақтанушы берген сенімхат негізінде береді.

Кері сатып алуға өтініш беру тәртібі Қағидалардың 20-бабында көрсетілген өтініш беру тәртібіне толық сәйкес келеді.

2. Сақтанушының инвестициялық портфелінің шартты бірліктерін кері сатып алу Сақтанушының өтініші келіп түскеннен кейін Қазақстанда және АҚШ-та жұмыс күні болып табылатын 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

3. Бір шартты бірлікті кері сатып алу бағасы шартты бірлікті кері сатып алу алдындағы жұмыс күнінің соңындағы шартты бірліктің есептік құнын негізге ала отырып айқындалған баға бойынша айқындалады. Егер бұл сақтандыру шартында, Қағидаларда, инвестициялық декларацияда және Сақтандырушының өзге де ішкі құжаттарында көзделсе, шартты бірлікті кері сатып алу бағасы Bid/Ask үстемесінің сомасына түзетілуі мүмкін.

4. Сақтандырушының аналитикалық есепке алу жүйесіндегі Сақтанушының инвестициялық сақтандыру шотындағы шартты бірліктерді есептен шығару Сақтанушы өтініш бергеннен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

Есептен шығарылған шартты бірліктердің саны Сақтанушының аналитикалық есепке алу жүйесіндегі Сақтанушының инвестициялық сақтандыру шотынан есептен шығарылғаннан кейін Сақтанушының Жеке кабинетінде көрсетілуі тиіс.

5. Инвестициялық портфельдердің шартты бірліктерін кері сатып алуға өтініш төмендегідей жағдайларда қабылданбауы мүмкін:

- 1) Қағидаларда белгіленген өтініш беру тәртібі мен шарттарын сақтамау;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен инвестициялық портфельдің шартты бірліктерін кері сатып алуды тоқтата тұру туралы шешім қабылдау.

22-БАП. Инвестициялық портфельдің шартты бірліктерін өткізуді (орналастыруды) және кері сатып алуды тоқтата тұрудың шарттары мен тәртібі

1. Инвестициялық портфельдің шартты бірліктерін сату (орналастыру) және (немесе) кері сатып алу төмендегідей жағдайларда тоқтатыла тұрады:

- 1) тиісті хабарламаны алған күннен бастап уәкілетті органның ұйғарымы бойынша;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын немесе инвестициялық портфельдің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тұлғалардың немесе шығарылған (ұсынылған) қаржы құралдары инвестициялық портфель активтерінің құрамына кіретін тұлғалардың шарттық міндеттемелерін бұзған немесе орындау мүмкін болмаған жағдайларда;

3) Сақтандырушы немесе Кастодиан лицензиясының қолданылуы лицензияның қолданылуы қайта басталған немесе басқа басқарушы компания, басқа Кастодиан тағайындалған немесе портфельді таратқан күнге дейін тоқтатыла тұрған немесе қайтарып алынған жағдайда;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және уәкілетті органның шешімдерінде белгіленген өзге де жағдайларда;

5) Сақтандырушының шешімі бойынша:

- егер шартты бірліктің есептік құнын еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауы салдарынан немесе Сақтандырушыға тәуелді емес өзге де себептер бойынша айқындау мүмкін болмаса;

- Сақтандырушының немесе Кастодианның құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға беру кезеңінде;

- Сақтандырушы белгілеген өзге де жағдайларда.

2. Инвестициялық портфельдердің шартты бірліктерін кері сатып алуды тоқтата тұрған кезде бір мезгілде осы портфельдің шартты бірліктерін сату (орналастыру) тоқтатыла тұрады.

3. Шартты бірліктерді сату (орналастыру) және (немесе) кері сатып алу осындай тоқтата тұруға себеп болған бұзушылықтар жойылғанға дейін белгіленбеген мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

4. Шартты бірліктерді сату (орналастыру) және (немесе) кері сатып алу осындай тоқтата тұруға себеп болған бұзушылықтар жойылғанға дейін белгіленбеген мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

Сақтандырушы сату және (немесе) кері сатып алу басталған күні сатуды (орналастыруды) және (немесе) кері сатып алуды қайта бастау туралы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

23-БАП. Инвестициялық портфельдің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты сыйақы және шығыстар

1. Инвестициялық портфельдің жұмыс істеуін және таратылуын қамтамасыз етуге байланысты сыйақылар мен шығыстардың түрлері, айқындау тәртібі мен ең жоғары мөлшерлері, оларды төлеу шарттары мен тәртібі инвестициялық портфельдің инвестициялық декларациясында, сақтандыру шартында және Сақтандырушының ішкі құжаттарында айқындалады.

Сақтандыру шартында, Инвестициялық портфельдің ережесінде және (немесе) инвестициялық декларациясында айқындалмаған сыйақылар мен шығыстардың түрлері инвестициялық портфельдің активтері есебінен өтелуге жатпайды.

2. Инвестициялық портфельдің активтері есебінен инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын Сақтандырушыға, брокерге және Кастодианға, сауда-саттықты ұйымдастырушыға және олармен жасалған шарттарға сәйкес инвестициялық портфельдің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де тұлғаларға сыйақылар төленеді.

3. Инвестициялық портфельдің активтері есебінен инвестициялық портфельді басқаруға байланысты шығыстар, оның ішінде:

1) бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары мен сауда-саттықты ұйымдастырушылар алатын барлық комиссияларды, сыйақылар мен өзге де алымдарды қоса алғанда, инвестициялық портфель активтерімен мәмілелер және өзге де операциялар жасау;

2) Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің салық заңнамасына сәйкес төленуге жататын салықтар мен өзге де міндетті төлемдер;

3) инвестициялық портфельді сенімгерлік басқаруға қатысты сот талқылауларына байланысты көрсетілетін заң қызметтерінің құны және сот шығыстары;

4) инвестициялық портфель активтері есебінен жүзеге асырылатын инвестицияларға тікелей байланысты консультациялық және заң қызметтері;

5) инвестициялық портфель активтерінің құрамына кіретін ақшамен операцияларға банктік және есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға арналған шығыстар.

4. Кастодианға, тіркеушіге және инвестициялық портфельдің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де ұйымдарға сыйақылар әрбір күннің соңындағы инвестициялық портфель активтерінің ағымдағы құнына сақтандыру шартында көрсетілген сыйақы ставкасын қолдану жолымен күн сайын есептеледі, сонымен қатар – Сақтандырушының Кастодианмен, тіркеушімен және инвестициялық портфельдің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін өзге де ұйымдармен жасалған шарттарға сәйкес қызметтерге ақы төлеуге арналған құжаттарды алуына қарай және ай сайын инвестициялық портфельдің активтері есебінен есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей төленеді.

Осы тармақта көрсетілген шығыстар ұсталуға жатады:

- Сақтанушының инвестициялық шотының сатып алу құнын қалыптастыру күні – сақтандыру шартының қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде;

- сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде – жинақтаушы бөліктің сақтандыру төлемін қалыптастыру күні.

5. Брокерлік қызмет көрсету бойынша шығыстар инвестициялық портфельдің құрамына кіретін қаржы құралдарын сатып алу/сату кезінде есептеледі және ұсталады.

6. Шартты бірліктерді сату және кері сатып алу кезінде шартты бірліктің бағасы Bid/Ask сомасына түзетілуі мүмкін. Bid/Ask үстемесі шартты бірліктерді сату және кері сатып алу кезінде есептеуге және ұстауға жатады. Bid/Ask үстемесін қолдану нәтижесінде алынған кірістер мен шығыстар инвестициялық портфельдің кірістері мен шығыстарына жатады.

7. Сақтандыру шартының талаптары бұзылған және (немесе) өзгерген кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі шығыстарды (Сақтандырылушының қайтыс болуы және жинақтаушы бөліктің ішінара төленуі нәтижесінде төлемдерді қоспағанда), оның ішінде сақтандыру шартын бұзғаны үшін ұстап қалады. Шығыстар Сақтанушыға тиесілі шартты бірліктердің санын кері сатып алу (азайту) жолымен сақтандыру полисінде көрсетілген мөлшерде ұсталады.

8. Инвестициялық портфельдің шартты бірлігінің құны туралы, осы мәліметтер айқындалған соңғы күнгі жағдай бойынша инвестициялық портфель активтерінің ағымдағы құны туралы, инвестициялық портфельдің шартты бірліктерін орналастыруды тоқтата тұру немесе жаңарту жағдайлары туралы ақпарат сақтанушыларға телефондар бойынша ұсынылады, сондай-ақ Сақтандырушының интернет-ресурсында – www.nomadlife.kz и www.zni.kz жарияланады.

24-БАП. Сақтандырушының Сақтанушылардың активтерін басқару шарттары мен тәртібі

1. Инвестициялық портфельдің инвестициялық декларациясы әрбір инвестициялық портфель үшін әзірленеді және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мәліметтерді қамтиды.

Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Сенімгерлік басқару қағидаларында және шартында көзделген талаптар мен тәртіппен инвестициялық декларацияға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге бастамашылық етуге құқылы.

2. Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қағидаларда, сенімгерлік басқару шартында, инвестициялық декларацияда белгіленген талаптарға сәйкес іс-әрекеттер жасау арқылы сақтанушылардың мүддесі үшін инвестициялық портфельді сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады.

3. Сақтандырушы инвестициялық портфель активтерінің құрамына кіретін эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың жалпы жиналыстарында Сақтандырушылардың өкілі болып табылады.

4. Сақтандырушы инвестициялық портфельдің активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметке байланысты Сақтандырушылардың өкілі ретінде әрекет етуге, сондай-ақ Сақтандырушылардың мүддесі үшін сотқа талап қоюға құқылы.

25-БАП. Сақтанушылардың активтерін есепке алу және сақтау

1. Сақтанушылардың (инвестициялық портфельдердің) активтерін Кастодианның меншікті активтерінен, өзге де оның клиенттерінің активтерінен және Сақтандырушының басқаруындағы өзге де инвестициялық портфельдердің активтерінен оқшаулап Кастодианмен есепке алынады және сақталады.

2. Сақтандырушы және Кастодиан активтерді төмендегідей тұрғыда есепке алуды жүзеге асырады:

- 1) инвестициялық портфельдің шартты бірліктерін төлеуге алынған активтер;

2) алынған табыс, оның ішінде дивидендтер, қаржы құралдары бойынша сыйлықақылар түріндегі түсімдерді, сондай-ақ инвестициялық портфельдің активтерімен мәмілелер бойынша табыс;

3) есептелген табыс, оның ішінде қаржы құралдары бойынша сыйақы, инвестициялық портфель активтерін қайта бағалаудан түскен құн өсімі;

4) инвестициялық портфельдің активтері есебінен өтелетін шығыстар;

5) инвестициялық портфель активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары.

3. Инвестициялық портфельдің активтерін есепке алу және сақтау мақсатында, сондай-ақ инвестициялық портфельдің активтерін инвестициялық басқаруға байланысты операциялар бойынша есеп айырысулар үшін Кастодиан шоттарды инвестициялық басқаруды Сақтандырушы жүзеге асыратынын көрсете отырып, инвестициялық портфельдің шоттарын ашады (жүргізеді).

4. Инвестициялық портфельдің активтерінен Сақтанушының, Сақтандырушының немесе Кастодианның инвестициялық портфельдің міндеттемелері бойынша, оның ішінде аталған субъектілер таратылған және (немесе) банкроттыққа ұшыраған жағдайларда өндіріп алуға жол берілмейді.

5. Сақтандырушы немесе Кастодиан инвестициялық портфельді банкрот деп таныған немесе жариялаған жағдайларда инвестициялық портфельдің активтері тарату массасына енгізілмейді.

6. Инвестициялық портфель активтерінің құрамына кіретін қаржы құралдарының құны Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық қаржылық есептік стандарттарында айқындалған шарттарда, әдістеме бойынша және тәртіппен айқындалады.

7. Белгілі бір күнге инвестициялық портфельдің шартты бірлігінің есептік құнын айқындау инвестициялық портфель активтерінің сол күнге айқындалған ағымдағы құны негізінде ғана жүзеге асырылады.

8. Инвестициялық портфель активтерінің ағымдағы құны инвестициялық портфельдің барлық активтерінің құны мен оның міндеттемелері не портфель активтері есебінен төлеуге жататын есептелген шығыстар арасындағы айырма ретінде айқындалады.

9. Инвестициялық портфельдің шартты бірлігінің есептік құны инвестициялық портфель активтерінің ағымдағы құнын Сақтандырушының талдамалық есебінің деректеріне сәйкес сол күні айналыстағы оның шартты бірліктерінің санына бөлу жолымен инвестициялық портфель активтерінің ағымдағы құнын айқындау күніне айқындалады.

26-БАП. Инвестициялық портфельді таратудың шарттары мен тәртібі

1. Инвестициялық портфельді тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады. Инвестициялық портфельді таратудың тәртібі мен шарттары туралы ақпарат Сақтандырушының www.nomadlife.kz и www.zni.kz Интернет-ресурсында хабарландыру жариялау жолымен Сақтандырушылардың, портфельдің кредиторларының және өзге де тұлғалардың назарына жеткізіледі.

Инвестициялық портфельді тарату туралы ақпарат сондай-ақ инвестициялық портфельдің активтері есебінен қанағаттандырылуға тиіс кредиторлардың талаптарын ұсыну мерзіміне нұсқауды қамтуға тиіс. Көрсетілген мерзім инвестициялық портфельді тарату туралы олар хабарланған күннен бастап бір айдан кем болмауға тиіс.

2. Инвестициялық портфельді тарату үшін негіз туындаған кезден бастап кредиторлармен есеп айырысуды жүзеге асыру, инвестициялық портфельдің жұмыс

істеуін қамтамасыз етуге байланысты шығыстарды төлеу және Сақтанушыларға қалған ақшаны қайтаруды қоспағанда, оның активтеріне билік етуге жол берілмейді.

3. Инвестициялық портфельді таратуды Сақтандырушы жүзеге асырады. Кастодиан лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған (қайтарып алынған) жағдайда инвестициялық портфельді таратуды Сақтандырушы оның лицензиясының қолданылуына қарамастан жүзеге асырады.

4. Сақтандырушы және (немесе) Кастодиан инвестициялық портфельді таратқан кезде инвестициялық портфельдің активтерін өткізуді қамтамасыз етуге, инвестициялық портфельдің кредиторларымен есеп айырысуды жүзеге асыруға, инвестициялық портфельдің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты шығыстарды төлеуге және қалған ақшаны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қағидаларға сәйкес Сақтанушылар арасында бөлуге міндетті.

5. Инвестициялық портфельді тарату рәсімі аяқталған кезде Сақтанушылар арасында ақшаны бөлуді Сақтандырушы инвестициялық портфельдің шартты бірліктерін төлеу шотына енгізілген олардың салымдарының сомасына барабар жүзеге асырады. Сақтанушыларға ақша төлеу Сақтанушының банк шотына ақша сомасын аудару жолымен жүзеге асырылады.

Инвестициялық портфельдің активтері «өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар жаңа сақтандыру ұйымына не Сақтандырушының уәкілетті органының шешімі негізінде инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымға берілуі мүмкін.

27-БАП. Инвестициялық портфельдің инвестициялық декларациясына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу талаптары мен тәртібі

1. Сақтандырушы осы ақпаратты Сақтандырушының www.nomadlife.kz и www.zni.kz Интернет-ресурсында жариялау жолымен инвестициялық портфельдің инвестициялық декларациясына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы Сақтанушыларды хабардар етуге міндетті.

Инвестициялық портфельдің инвестициялық декларациясына өзгерістер және (немесе) толықтырулар осы ақпарат жарияланған кезден бастап 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

2. Инвестициялық портфельдің инвестициялық декларациясына Сақтандырушының, Кастодианның атауының, орналасқан жерінің өзгеруіне, сондай-ақ Сақтандырушы өкілдерінің тізбесінің өзгеруіне байланысты өзгерістер және (немесе) толықтырулар Сақтандырушының www.nomadlife.kz и www.zni.kz Интернет-ресурсында жарияланған күні күшіне енеді.

28-БАП. Сақтанушының активтері есебінен қалыптастырылатын сақтандыру төлемі

1. Жинақтаушы бөлігін сақтандыру төлемі Сақтандырушы сақтандыру төлемінің тәуекелді бөлігін жүзеге асырған және (немесе) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталған кезде жүргізіледі. Сақтанушы сондай-ақ Қағидаларда белгіленген мөлшерде және тәртіппен жинақтау бөлігін ішінара төлеуді талап етуге құқылы.

2. «Сақтандырылушының сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өмір сүруі» сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтанушының активтері мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырады. Бұл жағдайда активтердің құнын есептеу үшін сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің соңғы

күніне есептелген бір шартты бірліктің құны пайдаланылады. Егер сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің соңғы күні демалыс немесе мереке күніне келсе, Пайда алушыға төленетін соманың мөлшері тиісті демалыс немесе мереке күнінен кейінгі келесі жұмыс күні қолданылатын активтердің құнына сүйене отырып белгіленеді.

3. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде басталған және сақтандыру жағдайы деп танылған Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтанушының активтері мөлшерінде сақтандыру төлемін төлейді. Бұл жағдайда жинақтаушы бөліктің сақтандыру төлемін есептеу үшін Сақтандырушы болған оқиғаны сақтандыру жағдайы деп тану үшін Қағидаларда белгіленген барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде белгіленетін Сақтанушы активтерінің құны пайдаланылады.

4. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде басталған және сақтандыру жағдайы болып табылмайтын Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда Сақтандырушы мұрагерлерге Сақтанушының инвестициялық сақтандыру шотының сатып алу құнын Сақтанушының активтері құнының мөлшерінде төлеуді жүзеге асырады. Бұл жағдайда жинақтаушы бөлікті төлеу сомасын есептеу үшін Сақтандырушы осы төлемді жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін Қағидаларда белгіленген барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде белгіленетін Сақтандырушы активтерінің құны пайдаланылады.

5. Жинақтаушы бөліктің сақтандыру төлемі Сақтанушыға тиесілі шартты бірліктерді кері сатып алу жолымен қалыптастырылады.

6. Жинақтаушы бөліктің сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру шартына сәйкес Сақтандырушы ұстауға жататын барлық аударымдарды шегергенде, инвестициялық портфельдің бір шартты бірлігінің кері сатып алу бағасын инвестициялық портфельдің кері сатып алуға жататын шартты бірліктерінің санына өндіруге тең.

7. Сақтанушының жинақтаушы бөлігін сақтандыру төлемі немесе инвестициялық сақтандыру шотының сатып алу құны Қағидаларда көзделген тәуекел бөлігін сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдеріне сәйкес келетін мерзімдерде жүзеге асырылады.

8. Сақтандырушы сақтандыру шарты бойынша төлейтін барлық сомалардан салықтар және бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төленетін өзге де міндетті төлемдер ұсталады, оларды Сақтандырушы төлемді жүзеге асыру сәтінде қолданылып жүрген заңнама талаптарына сәйкес ұстауға міндетті.

9. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатпай, Сақтанушының активтерінің сомасы Қағидалардың 5-бабы 5-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген ай сайынғы аударымдардың 12 еселенген мөлшерінен кем болмайтын жинақтаушы бөлігін ішінара төлеуді жүзеге асыруды талап етуге құқылы. Сақтандыру шарты қолданылуының алғашқы екі жылы ішінде жинақтаушы бөлігін ішінара төлеу жүзеге асырылған жағдайда Сақтандырушы шығыстарды сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде ұстап қалуға құқылы.

10. Сақтандырушының ішінара төлемдердің ең төмен және ең жоғарғы сомасын және олардың жиілігін шектеуге құқығы бар.

11. Жинақтаушы бөліктің ішінара төлемін есептеу үшін Сақтандырушы Сақтанушының тиісті өтінішін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде белгіленетін Сақтанушы активтерінің құны қолданылады. Жинақтаушы бөлікті ішінара төлеу Сақтанушыға тиесілі шартты бірліктер санын және Сақтанушы таңдаған инвестициялық портфельдер түрлеріндегі активтер сомасын азайту жолымен жүзеге асырылады.

Жинақтаушы бөлікті ішінара төлеу Сақтандырушы барлық қажетті құжаттарды алған жағдайда төленетін соманың мөлшерін айқындаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

12. Осы бапта көрсетілген жинақтаушы бөлікті немесе жинақтаушы бөлікті ішінара төлеуді жүзеге асыру мерзімі, егер Сақтандырушы инвестициялық портфельге енгізілген қаржы құралдарымен мәмілелерді тоқтата тұрса немесе тоқтатса, не оларды Сақтандырушыға байланысты емес қандай да бір себептер бойынша жүргізу қиын немесе мүмкін болмаған жағдайда ұзартылуы мүмкін.

13. Сақтанушының барлық активтерінің құны мөлшерінде сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырушы сақтанушының инвестициялық сақтандыру шотын және осы шотқа байланысты Сақтанушының барлық қосалқы шоттарын жабады.

4-ТАРАУ. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

29-БАП. Сақтандыру шартын тоқтату кезінде төлемдерді жүргізу тәртібі

1. Сақтандыру шартының қолданылуы төмендегідей жағдайда тоқтатылады:

- 1) сақтандыру шартының қолданылуы мерзімі аяқталғанда;
- 2) Сақтандырушының сақтандыру шарты бойынша бірінші сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асырғанда;
- 3) Сақтандыру жағдайының басталу тәуекелін өтеу үшін сақтандыру бойынша кезекті төлемді есептен шығару үшін Сақтанушының инвестициялық сақтандыру шотындағы Сақтанушының активтері сомасының жеткіліксіздігі;
- 4) Сақтанушы сақтандыру шартын бұзған жағдайда Сақтандырушымен сақтандыру сыйлықақысының тәуекелді бөлігінің оны жасаған күннен бастап 30 (отыз) күннен кешіктірмейтін мерзімде қайтарылуын жүзеге асырғанда;
- 5) Сақтандырушымен Сақтанушының сақтандыру шартының қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініші негізінде төлеуге берілетін соманы жүзеге асырғанда;
- 6) сақтандыру жағдайының басталуына байланысты емес себептер бойынша Сақтанушы (Сақтандырылушы) қайтыс болғанда.

2. Сақтандыру жағдайының басталу тәуекелін өтеу үшін сақтандыру бойынша кезекті төлемді есептен шығару үшін Сақтанушының активтерінің сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға оны төлеу қажет болатын кезеңді көрсете отырып, сақтандыру сыйлықақысын төлеу қажеттігі туралы хабарлама жібереді. Сақтанушы хабарламада көрсетілген мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлемеген жағдайда, көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады.

3. Сақтанушының сақтандыру шартының қолданылуын кез келген уақытта мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы бар. Сақтанушы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу және бар болған жағдайда төлемге соманы алу үшін, төмендегідей құжаттарды ұсынуы тиіс:

- 1) банктік деректемелері көрсетілген өтініш;
- 2) Сақтанушының жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) Сақтандырушының сұрауы бойынша өзге құжаттар.

4. Егер Сақтанушы сақтандыру полисін берген (ресімдеген) күннен бастап бірінші күннен бастап он төртінші күнге дейінгі кезеңде сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзса, онда Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталмаған жағдайда Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысының тәуекелдік бөлігінің алынған сомасын толық көлемде қайтаруға міндетті және Сақтандырушы тәуекелді бөліктің сақтандыру төлемін жүзеге асыру мәселесін қарамайды. Сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігін қайтару Қағидалардың 3-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Егер Сақтанушы сақтандыру полисін берген (ресімдеген) күннен бастап он төртінші күннен бастап отызыншы күнге дейінгі кезеңде сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзса, онда Сақтандырушы сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушы шеккен сақтандыру сыйлықақысының тәуекелді бөлігінің алынған сомасының жиырма пайызынан аспайтын шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға сақтандыру сыйлықақысының тәуекелді бөлігінің алынған сомасын қайтаруға міндетті. Осы тармақтың ережелері, егер сақтандыру жағдайы басталмаған жағдайда қолданылады және Сақтандырушы тәуекелді бөлігін сақтандыру төлемін жүзеге асыру мәселесін қарамайды. Сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігін қайтару Қағидалардың 3-тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Егер Сақтанушы сақтандыру полисін берген (ресімдеген) күннен бастап отыз күн өткеннен кейін біржақты тәртіппен сақтандыру шартын бұзса, онда төлеуге берілетін соманың мөлшері сақтандыру шартын бұзғаны үшін комиссияны шегере отырып, Сақтанушының инвестициялық сақтандыру шотының сатып алу сомасы (ол болған кезде) мен сатып алу құнының сомасына тең.

7. Сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасының мөлшері сақтандыру шарты қолданылатын әрбір жылдың аяғында айқындалады және сақтандыру полисінде көрсетіледі.

8. Сақтанушының инвестициялық сақтандыру шотының жинақтаушы бөлігінің сатып алу құнының мөлшері Сақтанушының шартты бірліктерін кері сатып алу күнінің алдындағы күнге айқындалады.

9. Сақтандырушы төлеуге берілетін соманы төлеуге берілетін соманың мөлшерін айқындаған кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және Сақтандырушы осы бапта көрсетілген барлық қажетті құжаттарды алған жағдайда төлеуге берілетін соманы жүргізеді.

10. Төлеуге берілетін сомаға салық салу Қазақстан Республикасының төлемді жүзеге асыру кезінде қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

30-БАП. Сақтандыру полисінде көрсетілген барлық сомаларды қайта есептеу және айырбастау талаптары

1. Сақтандыру шарты бойынша барлық төлемдер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен жүзеге асырылады. Сақтандыру полисінде АҚШ долларымен (USD) көрсетілген сақтандыру сомасы, сатып алу сомасы, тәуекелді бөліктің сақтандыру төлемі және сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының тәуекелді бөлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін «USD/KZT TOD» ресми бағамына сәйкес теңгемен баламалы, оларды қайта есептеудің мынадай талаптарымен:

1) Сақтандыру төлемдері, төлеуге берілетін сома және сақтандыру сыйлықақысының тәуекелді бөлігін қайтару төлемге өкімді қалыптастыру күніне қайта есептеу талаптарын қолдана отырып теңгемен жүргізіледі;

2) Сақтандыру сыйлықақысы төлеу күніне (операция жасалған күнге) сақтандыру сыйлықақысының тәуекелді бөлігіне ғана қайта есептеу талаптарын қолдана отырып теңгемен төленеді;

3) Сақтандыру сомасы - сақтандыру сыйлықақысын төлеу күніне қайта есептеу талаптарын қолдана отырып, сақтандыру шартын жасасу кезінде, ал сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру кезінде - сақтандыру төлемі туралы өкімді қалыптастыру күніне қалыптастырылады.

2. Сақтандыру сыйлықақысы Серіктес банк арқылы төленуі мүмкін. Бұл жағдайда Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының тәуекелді бөлігі үшін теңгенің баламасы ретінде Серіктес Банк төлеген сәтте белгілеген «USD/KZT TOD» бағамы қабылданады.

Өзге жағдайларда сақтандыру полисінде АҚШ долларымен (USD) көрсетілген сомалардың баламасы ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін «USD/KZT TOD» ресми бағамы қолданылады.

3. Егер Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеу күніндегі және одан кейінгі күнгі «USD/KZT TOD» бағамдары арасындағы айырма 3%-дан астам болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысының тәуекелді бөлігінің сомасын айқындау кезінде Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеу күнінен кейінгі күнгі «USD/KZT TOD» бағамы бойынша төлеген сомаларын есепке алады.

4. Сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігі осындай соманы айырбастау жөніндегі операцияны жүзеге асыру сәтінде Кастодиан белгілеген «USD/ KZT TOD» бағамына сәйкес теңгемен айырбастауға жатады.

5. Сақтанушының жинақтаушы бөлігін сақтандыру төлемі, инвестициялық сақтандыру шотының сатып алу құнын төлеу осындай соманы қалыптастыру кезінде Серіктес Банк белгілеген «USD/ KZT TOD» бағамына сәйкес айырбастау шарттарын қолдана отырып теңгемен жүргізіледі.

31-БАП. Форс-мажор

1. Тараптар өрттің, дүлей апаттардың, соғыстың, кез келген сипаттағы әскери операциялардың, жаппай тәртіпсіздіктердің, ереуілдердің, қоршаудың, экспортқа немесе импортқа тыйым салудың, дефолттың, мемлекеттік органның нормативтік актіні қабылдауының, төтенше жағдайды жариялауының немесе тараптарға байланысты емес басқа да мән-жайлардың салдарынан сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапты болмайды.

2. Міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар қолданылатын уақытқа сәйкес кейінге шегеріледі.

32-БАП. Басқа талаптар

1. Сақтандыру шартына барлық өзгерістер мен толықтырулар Қағидаларда көзделген тәртіппен және тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жаңа полисті және/немесе оған қосымшаларды қағаз тасымалдауышта не Сақтанушының Жеке кабинетінде электрондық нысанда беру жолымен енгізіледі.

2. Қағаз тасымалдауышта ресімделген сақтандыру полисі жоғалған кезде Сақтанушы телнұсқа алуға өтініш жазуға құқылы.

3. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, талаптар, ескертулер, түсініктемелер жазбаша нысанда орындалуға және басқа тарапқа тікелей берілуі немесе оның жөнелтілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен, оның ішінде Сақтанушының Жеке кабинеті арқылы жіберілуі тиіс.

4. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде туындайтын барлық даулар келіссөздер жолымен шешіледі.

5. Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

6. Сақтандырушының инвестициялық портфельді қалыптастыру жөніндегі одан әрі қызметті жүзеге асыруы мүмкін болмауына немесе одан бас тартуына байланысты жаңа сақтандыру ұйымының инвестициялық портфелінің активтерін беру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.
